**2024-2025оқу жылындағы 1 «А» сынып оқушыларымен жүргізілген тәрбие жұмысының жылдық есебі**

Жаңа оқу жылында оқу-тәрбие бағдарламасы бойынша жоспар құрылып, бекітілді. Жоспар бойынша осы тақырыптарда мақсаттар мен міндеттемелер басшылыққа алынды. Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие, отбасылық және дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын ұстану, еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие беру. Жас ұрпақты Отанын сүюге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, бай - қуатты ел екендігін мақтан етуге үйретіп, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттырып, махаббат сезімін ояту. 1 «А» класына жыл басында 5 оқушы қабылданып, 6 оқушы жылды аяқтады. Жыл басында оқушылардың мінез-құлқын, зейінін, ынтасын қалыптастыру ұйымдастыру айлығы өткізілді. Сабақ барысында оқушылардан сурет салу, ермексазбен жұмыс жасау арқылы ой-өрісін дамыту мақсатында көптеген жұмыстар жасалынды.

Оқушылар сабақтарға белсене араласты. Әр мереке күндері басқа да ұйымдастырылған шараларға оқушылар жақсы қызығушылықпен қатысты. «Оқушылардың отбасы туралы түсініктерін кеңейту. Өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету. Оқушыларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, өз ойын жеткізе білуге тәрбиелеу. Адалдық», «Еңбек» адамгершілік құндылығы туралы түсініктерін кеңейту - еңбектің адам өміріндегі мәні туралы түсінік беру - еңбек етуге қызығушылықтарын дамыту - еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, адал, шыншыл болуға баулу.

Оқушылар жыл бойы мектепішілік ұйымдастырылған түрлі шараларға белсене араласып, түрлі дәрежедегі дипломдармен марапатталды. Республикалық «Пони» дің күзгі, қысқы, «Сакрат», «Ақбота», «Зерделі» олимпиадасына оқушылар қатысып, оқушылар жүлделі орындарға ие болып, дипломдармен,мақтау қағаздарымен марапатталды. Мектепішілік бастауыш кластар арасында ұйымдастырылған «Көркем жазамын» атты көркем жазу үлгілері сайысында 1 оқушы өте жақсы деген марапатқа ие болды. «Әліппе мен қоштасу», «Ұстаз —ұлы тұлға», «Жасыл шырша жанында», «Ақиық ақын -М.Мақатаев» «Патриоттық әндер», «Махамбет оқулары» атты тақырыпта өткізілген мектепішілік түрлі сайыстарда өз өнерлерін көрсетті. М.Мақатаев оқуларынан ақын өлеңдерін жатқа айту сайыстарына белсене қатысты, бастауыш сыныптар арасында Аюбай Қ 1 орынға ие болды.

**Сынып жетекшісі:** Муханова Н.Ж.